**Ардақты замандас, сіз бен біз Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының барша адам баласының өмірінен алар орнын, яғни тірлікті мейлінше мәнді ете түсер игі әсерін тап басып сезіне алдық па, осы!? Бес күндік бұ дүниенің ғажайып сыны мен ғаламат сыны маңдайына жазылған барша жұрт білетін шындық әзірге мынау: Абай – ұлы даланың ұлы ақыны. Елбасының «Бүгін – ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиылып отыр, – деп ұлы ақынның 150 жылдық салтанатында хакім Абайды ерекше ардақ тұтқаны мәлім. – Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын».**

Демек, әрқайсымыз әуелі Абайды оқып, Абайға құлақ асайық...

Сіз енді аңдаған шығарсыз, замандас, жалпақ жұрттың бар білетіні ақын өмірі мен асыл мұрасының бір қыры ғана екен... Ал, шындығында, Ибраһим Құнанбайұлы ұлы ақын болуымен қатар, туған қазағына ғана емес, барша «адамның баласы – бауырына» қараңғыда жол сілтер жарық сәуле – ұлы даланың ұлы қайраткері. Халықтың «көзін ғана емес, көкірегін ашу» үшін Жаратушы тұтатқан ақиқат ұшқыны.

«Шәкәрімнің саят қорасы» музейі, Абай-Шәкәрім кесенелер кешені, Би ата (Кеңгірбай би) кешені және Зере-Ұлжан мазары мен басқа да жиырмаға жуық тарихи орындар мен ескерткіштер сыр шертетін 6400 гектар қорық аумағы да осындағы шырақшы жиырма азаматтың жауапкершілігінде. Бұған Абай қыстауынан елу шақырым жердегі Көкбай Жанатайұлының мазары мен музейінің де жаңағы Абай шырақшыларының мойнында екенін қоссақ, жауапкершілік жүгі одан бетер

ұлы ақын туралы, оның ақындық және жаөнер айналасы мен өскен ортасы йында аз-маз мағлұмат берген ләзім.

Сізді сапарға шақырған Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихимәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі – ұлы Абай, кемеңгер Шәкәрім мен ғұлама Әуезовтің өлмейтұғын қазынасы терең де тағылымды сыр бүккен киелі мекен.

Сізге – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің қанатының астындағы сегіз отаудың әрқайсысының-ақ ұлы даланың ұлы тұлғасының өмірі мен шығармашылығы және Абайдың ақындық мектебі өкілдерінің бай мұрасы жайында айтар сөзі мен аманат етер қазынасы мол. Олай болса, Абай шаңырағына бұған дейін жолы түспеген замандасқа айтар алғысөзді неден бастағанымыз жөн, асыл мұраны мен алғаш жүздескен жанға әуелі қалайша дұрыс жол сілтеп, оның қандай

деп аузымызды ашқанда-ақ бастап жібергенбіз. Олай болса, алқисса, сөзімізді одан әрі нақтылай түссек, музей экспозициясының ең бірінші бөлімі – «Абай дәуіріне» қадам басқан сәтте сіздің көз алдыңыздан ашылған ұлылар мекенінің картасы – Абайдың атамекен, туған жерінің бағыт-бағдары.

Сіз рухына тәу етіп келіп тұрған ақын шаңырағы орналасқан Семей – сонау он тоғызыншы ғасырдағы білім мен мәдениеттің ордасы, киелі жерге сапардың бастауы. Бодандық бұғауындағы елдің бір пұшпағы еді ол кезінде. Қараңғылық қапасынан жол іздеген алаш арыстарының еркіндік пен бостандық рухына толы мекен. Қаладағы бас мұражай – сонымен қатар ұлы ақынның табанының ізі қалған қасиетті шаңырақ. Абайды қастер тұтқан зиялы қауым өкілдерінің бірі – XIX ғасырдағы орыс көпесінің үйі.

# Әуелі Абайды оқып,



# Абайға құлақ асайық...

Сіз білсеңіз керек, көкірегіне осы ақиқат ұшқынын қондырғысы, Абай сәулесімен жүрегін нұрландырғысы келіп, жарыққа талпынған жан бұрын да, қазір де көп, ертең де оның қарасы қалың болары анық. Олардың бәрі халқымыздың рухани меккесі – Абай елін, ұлы ақынның туған жерін көруді, поэзия патшасына мінәжат етуді өздеріне адамдық зор парыз санайды. Тіпті Жидебайда бұрын болып жүрсе де, киелі мекенге жылына ат басын тым құрыса бір бұрғысы кеп тұратын ағайын баршылық. Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» тарихи-танымдық еңбегінде ерекше ардақ тұтатын ұлы тұлғалардың бірі де – тағы Абай!

Алты алашпен бірге ғасырдан ғасырға асып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасар құдіретті сезім! Туған жердің төрт қиырынан, іргедегі Ресей мен Қытайды былай қойғанда, алыс-жақын шетелден арнайы іздеп келетін адам легі мұнда үзілмейді. Олар ұлылардың мәңгілік мекені – киелі топыраққа жүректері толқи отырып, тебірене қадам басады. Ұлы даланың данышпан ұлдарының аруағына тағзым жасайды, өмір сапарындағы өздерінің бір парыздарын өтегендей мерейлері өсіп, ақын шырақшыларына разы көңілмен аттанады.

Сіз түсінесіз ғой, олардың іздегені – Абай... ұлы ақынның рухынан тірлік талқысында таяныш тапқысы, тіпті рухани жалғыздықтан жандарына араша сұрағысы келеді. Жидебайға жолы түскендер Абайдан басқа ештеңеге алаңдамайды, жоқ пен барды түгендеп, тінткілемейді. Қайта керісінше, киелі мекенде аса терең ілтипатпен тебіренеді. Сосын, әрине, біздің қызметте қалт кеткен тұстарымызды да көрмейді немесе көргілері де келмейді. Олар ұлы ақынның табанының ізі қалған қасиетті топыраққа қадам басқандарына жандары желбіреп, жүректері шаттанады.

Сіз байқайсыз ба, бізді келушілердің қатал сынынан арашалап алатын да ұлы тұлғаларымызға деген терең сүйіспеншілік сезімі. Сұқ көз бен сұғанақ сөзден аталарымыздың асыл қасиеті әрқашан қалқан болуда. Рас, ұлылар мекенінде тіпті кейбір кірпі мінезділер де инелерін іштеріне бүгіп, қасиетті мекеннің киесінен қорқады. Әйтпесе, рух мәртебесі – Жидебайда әлі де ажарын аша түсіп, оның ішкі мол қуатына сыртқы сән-сәулетін жарастыра атқарар шаруа жетерлік. Алайда Жаратушының назары түскен құтты қонысты жайлаған ақын шырақшыларының өз міндеттеріне сергек қарайтынын көрмеу де әділетке қиянат болар еді.

## Шыңғыстау – ақындық пен адамдық төрі!

Ал Абайға қызмет ету – алты алашқа қызмет жасау. Осыдан артық ардақты міндет бар ма?! Абайдың музей-үйі, салмақтала түседі.

Сіз білесіз бе, сырт көз, былайғы жұрт бұдан, әрине, бейхабар. Бұрын болмаған соң, келіп көрмегеннен кейін кінә жоқ, әлбетте. Бірақ, өкінішке қарай, Абайды жалғыз өзі ғана ардақ тұтатын секілді күпініп, барды белінен басып, көз алдындағыны көрмей, Жидебайдан «жүдеп» қайтатындар да бар. Олар Абайды жекеменшіктеп, шаруаның мәнісіне бармай жатып-ақ, алдын ала кесіп-пішіп, жеке бастың өкпесімен сын семсерін сілтеуге білек сыбанып келеді.

Өзінен басқаның еңбегін ескеріп, барын бағаламайтын өзімшілдік. Олар Абайға табынып қана қоймай, ұлы ақын мұрасын жанын сала қорғайтындардың көп екенін көрмейтін мұнафықтар. Тіпті «Абай жолын» егемен заманда еркін санамен тым құрыса бір қайтара оқып шықпай-ақ, ғұлама Әуезовтің мұрасынан мін іздеп, бесенеден белгілі «тап күресінің көлеңкесімен» алысатындар да солар. Сіз ондайлардың «сыбағамызды» сұратпай-ақ үйіп, төге салуға тым жомарт екенін білсеңіз керек. Демек, біздің бұл әңгімеміз оларға емес, Абай еліне асыққан ардақты замандас, сізге арналады. Біз бүгінгі әңгіме тиегін ақын шаңырағына бұрын жолы түсе қоймаған замандасқа, әсіресе жас өскінкелешекке арнап ағытып отырмыз.

Абай сөзіне, шіркін, ертерек зейін қойсақ, қандай! Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың (Н. Назарбаев), Абай – телегей-теңіз ғой, содан қасықтап пайдалансақ та сарқылмас қазына (М. Әуезов). Олай болса, Абай еліне сапар шегуге жиналған замандасқа мағлұматқа алғаш қаныққаны абзал?

Тегінде, ұлы Абайды бұл іргелі әңгімеден аулақ адамға егжей-тегжейлі түсіндіріп, оның терең сырына қанықтырмақ болу, сіз дұрыс түсінесіз ғой, бос әурешілік. Бұл, басқаша айтқанда, асығыс жолаушыны жолдан бөгеп, шырайлы әңгімеге тартқандай әбес әрекет. Ол тек ұялғанынан ғана басын шұлғығаны болмаса, ештеңе ұға қоймайды... «қайран сөзім қор болған». Ал кейбіреу жол-жөнекей сөзді арқаланып, барған жерінде аз-маз естігенін «өзімбілемге» салып, Абайдың жарларының есімдерін аналарының есімдерімен шатыстырыпақ ұятқа қалады.

Олай болса, Абай және ақын мұрасы туралы сөзіміздің шумағын қалай тарқатсақ қонымды?.. Сізге, сіз секілді жаңа танысқан барша замандасқа алғысөзді неден бастап, қалай өрістетсек жұғымды болады?.. Көңілдегі осы қиын сауалдың жауабы оңай табылды. Ол – Абай музейінің Семейдегі бас шаңырағындағы «ізетті, бірақ асығыс», «асығыс, бірақ Семейге келе тұра Абай шаңырағына бас сұқпады» деген секілді көз бен сөзден ығатын ресми қонаққа арналған экскурсиялық таныстырылым орамы.

Бұл жүздесу – «Абай дәуірінен» бастау алып, хакімнің ақындық айналасымен жалғасып, Абайтанумен өріліп, Шәкәрім мен Әуезов мұрасымен сабақтаса келе «Абай арманымен» түйінделеді. Яғни, бұл экскурсия орамын қолда бар асыл мұраның ең бір жинақты жері, Абай өмірі мен шығармашылығының өзіндік бір беташары десе артық емес.

Сонымен... Сіз байқаған боларсыз, әсілі, біз өз әңгімемізді «Ақиқат»

## Қилы кезең

Ойсыз жанға оңайырақ-ау өмір сүрген (Абай). Бізге, ең алдымен, ұлы ақын өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігінен хабардар болмайынша, ақын мұрасын байыптай алу екіталай (М.Әуезов). Барша қазақпен бірге Ырғызбай ұрпақтары да отарлық бұғаудың азабын аямай тартты. Бірақ алдағы заманның қазаққа қасірет әкеле жатқанын ұлттың Абай секілді біртуар тұлғалары ғана көре алды. Ұлы ақын у ішкендей мең-зең қалыпта, сырты – бүтін, іші толған дерт болатын. Қараңғылық пен надандық данышпанның жүрегін сыздатса, отаршыл империяның тақ сондай ұрда-жық, нодай әрекеті одан бетер жанына батады.

Сонда ел-жұртқа көмектесудің амалы қайсы? Құлдықта қаталаған халыққа қайтсе аузына су тамызып, дәтке қуат етерліктей селбесуге болады?! Ақынның төрт мәрте болыс, екі рет би болып, ақ патшаның заңдарын ұлттық болмысқа жақындату үшін Қарамола және Көктұма ережелерін жазуы немесе оларға ұсыныс беруі де қиын заманда қандастарына қарлығаш қанатымен су сепкендей хәл. Бұған, айталық, «Қарамола» ережесіндегі ұлы ақын енгізген «күйеуі өлген әйел адамның әмеңгері болмаған жағдайда, бұрынғыдай екінші рет сатылуына» тыйым салатын, «барымташы ұсталған күнде, оның шығынын бұрынғыдай туыстары емес, оған ат берген, қолдау көрсеткен адамның есебінен өндіру туралы» қабылданған нақты баптар дәлел.

**Болат Жүнісбекұлы,**
**абайтанушы**

*(Жалғасы бар)*